

Тақырыбы 2: «Логистиканың өндіріс үрдісі»

Дәрістің жоспары:

1. Материалдық ағымдардың өндірістегі мақсаты және ұйымдастырудың жолдары;
2. Материалдық ағымдарды ұйымдастыру және басқарудың талаптары;
3. Өндірістік үрдісті ұйымдастыру заңдары және материалдық ағымның кеңістіктегі және уақыт мөлшеріндегі тиімдендіру мүмкіндіктерін ұйымдастыру;
4. Материалдық ағымдардың ағымнан тыс өндірістегі тиімділікті ұйымдастыру.

Мәтін бойынша

Логистиканың жетістіктерін теміржол көлігінде пайдалану транзитті көлік әлеуетінің тиімділігін арттырудың кепілі, әрі әлемдік көлік жүйесіне белсенді интеграцияланудың пішіні болып табылады.

Соңғы жылдары стратегиялық мүмкіндіктері мол көлік саласының ағындық экономикалық үрдістерінде негізгі қызмет атқарып отырғандығын атап айту қажет. Бүгінгі күні тасымалдау көлемін ұлғайту, көптеген отандық жүк және жолаушы тасымалдаушылар мен операторлардың іс әрекетінің экономикалық

Логистика принциптерін енгізу және Қазақстан территориясындағы транзиттік жүк тасымалын басқарудың логистикалық принциптерін дамыту арқылы тасымалдау үрдісін қазіргі талаптарға және халықаралық стандарттарға сай қамтамасыз ететін жаңа технологияларды пайдалану көлік саласының сапалы өрлеуіне мүмкіндік беретіндігін шетел тәжірибесі растап отыр. Дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде Қазақстан экономикасының тұрақтылығын нығайту мақсатында үш жылдық бюджеттен көлік инфрақұрылымын дамытуға жалпы ішкі өнімнің 4,5% құрайтын, 700 млрд. теңге үлестіру қарастырылып отыр.

Көлік стратегиясы

Қазақстан Республикасының 2015 жылдарға дейінгі көлік стратегиясын жүзеге асыру әлемдік көлік жүйесіне интеграциялану, ұлттық көлік заңнамасының халықаралық заңдармен үйлесімін, көлік жүйесінің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, мультимодальді тасымалды дамыту, технологиялық үрдіс логистикасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында транзиттік әлеуетті қарқынды дамытуды және республика территориясына халықаралық көлік ағындарын тартуды қарастырады.

Логистиканың мақсаты

Көлік логистикасы мамандандырылған логистикалық орталықтар арқылы жүк ағындарын оңтайландыру мен ұйымдастырудың жаңа әдістемесі ретінде көлік ағындарының тиімділігін арттыруға, көлік қызметін ұсынатын өндірушілер мен тұтынушылар шығындарын азайтуға мүмкіндік жасайды.

Логистиканы пайдаланатын отандық кәсіпорындар, дәстүрлі қалыпта жұмыс жасайтын кәсіпорындармен салыстырғанда, ішкі және халықаралық тасымалдауларда тұрақтылық, болжау мүмкіндігі, бәсекеге қабілеттілік сияқты бірқатар артықшылықтарға

Логистиканың көптеген түрі

Қазақстан Республикасының және кеңес дәуірінен кейінгі кеңістіктегі басқа мемлекеттер экономикасының көлік саласын мемлекеттік реттеудің әлсіреуіне байланысты көлік қызметтері нарығындағы бәсекелік ортада түбегейлі өзгерістер орын алды. Тауар қозғалысы мен бөлінісінде айқын аңғарылатын жаңа көліктік-логистикалық жүйелер біртіндеп тұрақтанып келеді. Халықаралық жүк айналымына қызмет көрсетуде мульти- және интермодальді (аралас) тасымалдаулардың ролі артып, көлік қызметіне деген сұраныс пен ұсынысты қалыптастырудағы экспедиторлық кәсіпкерліктің мәні күшейіп отыр.

Көлік дәліздерін дамыту

Көлік дәліздерін дамыту және игеру – отандық тасымалдаушылардың көлік нарығындағы үлесін арттырудың бірден бір жолы. Көліктік қызмет экспортына сұраныс 2010ж. әлемдік көрсеткіш бойынша жылына 8...9 млрд. долларға жетуі мүмкін. Болашағы мол осы нарықта клиенттерге неғұрлым ұтымды шарттар ұсыну – маңызды, әрі шешімі табылатын міндет. Шетелдік тасымалдаушылар дәстүрлі айналмалы маршруттармен салыстырғанда, халықаралық көлік дәліздерінің қазақстандық құрамдасын пайдалану арқылы бір контейнерден 600 долл. дейін, әуе рейсінде 50 мың. долл. дейін үнемдейді. Бұл Қазақстан Республикасы арқылы өтетін транзиттік ағындар пайдасына шешудің маңызды дәлелі бола алады.

Көлік логистикасын ұтымды пайдалану үшін заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет. Логистиканың отандық нарықта дамуына мүмкіндік жасап, шекарадан өту кезінде жүкті көліктік - кедендік рәсімдеуге, сонымен қатар тиімді тасымалдау мөлшерлемесін қамтамасыз етуге өзгерістер енгізу қажет. Қазіргі халықаралық көлік ағындарына қызмет көрсетуде пайдаланатын техникалық базалар мен терминал технологиялары түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Әңгіме қазіргі логистикалық тұжырымдамадағы жүк ағындарының «дәліздік» жүйесіндегі басты буын болып табылатын логистикалық орталықтар мен жүк терминалдарының қызметін сәйкестендіру туралы болып отыр.

Қазіргі электрондық, коммуникациялық, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға негізделген халықаралық көлік дәліздерінің қызметі саласындағы транзиттік тасымалды кешенді бақылау қажет.

Логистикалық қызмет көрсету орталықтарында қозғалыс туралы on line режимінде және жоспарланған маршруттардың кестесі шегінде қозғалысты тәртіпке келтіруге қабілетті транзиттік тасымалдау жағдайындағы шарттар мен өзгерістер туралы алдын ала толық әрі шынайы ақпараттың болуын қамтамасыз ету аса маңызды.

Батыста логистика көлік саласында ондаған жылдар бойы табысты қолданылып келеді. Осы уақыт аралығында тасымалдаудың жалпы шығындарын мүмкіндігінше төмендету, оңтайландыру, логистикалық қызметтердің экономикалық тиімділігін арттыру, оны ақпараттық және технологиялық қамтамасыз етуге бағытталған тәсілдемелер жан – жақты қарастырылып келеді. Шет елдік нарықтарда логистикалық және басқа да қызметтердің жаңа, кешенді түрлерін ұсынатын фирмалардың қызметі үлкен сұранысқа ие. Оларға, мысалы, аутсорсинг – өндіргіш-кәсіпорындарды өніммен қамтамасыз ету, өткізумен байланысты бірқатар әрекеттерден босататын қызмет түрі жатады. Осымен байланысты көліктік логистикалық, әсіресе мультимодальді тізбектерді ойластыру мен жетілдірудің маңызы арта түседі.

Көлік органикалы түрде өндірістік және сауда үрдістеріне беріледі. Сондықтан көлік логистиканың көптеген міндеттеріне қатысады. Сонымен қатар логистикада материалдық ағымның қозғалысында өндірістік-қоймалық телімде тура байланыстың сыртында қарастырылуы мүмкін және көліктік үрдістің қатысушысы арасындағы көп тарамды келісімділік орын алған өзіндік көлік ортасы қалыптасқан.

Логистика бұл бірыңғай техника, технология, экономика және жоспарлау. Сәйкесінше көліктік логистиканың міндеттеріне жоспарлаудың бірыңғай жүйесін қолдану, көлік үрдісінің қатысушыларының техникалық және технологиялық кездесетін көлік үрдістері, олардың экономикалық мүдделерінің келісімділігін қамтамасыз етуімен атқарылады. Енді әрбір осы міндеттерді қысқаша сипаттайық.

Көліктік кешенде техникалық кездесулер көлік құралдарының ішкі жағынан жеке де, аралық кесуде де өлшемдерлерінің келісімділігін білдіреді. Бұл келісімділік жүк пакеттерімен және контейнерлермен жұмыс істеуге және модальды тасымалдауларды қолдануға мүмкіндік береді.

Технологиялық кездесулер тура тасымалдау, қайта тиеусіз тасымалдаулар, тасымалдаудың бірыңғай технологиясын қолдануды білдіреді.

Экономикалық кездесулер – тарифтік жүйені жасау мен конъюктураны зерттеудің жалпы әдістемесі.

Біріккен жоспарлау керегеннің бірыңғай жоспарын қолдану мен жүргізуді білдіреді.

Көліктік логистиканың міндеттеріне жатқызылатындар:

- көліктік жүйелерді, оның ішінде тасымалдау дәліздері мен көлік тізбектерін жасау;
- көліктік-қоймалық үрдісте технологиялық бірлікті қамтамасыз ету;
- қоймалық және өндірістік көлік үрдісінде бірігіп жоспарлау;
- көлік құралдарының түрін таңдау;
- көлік құралдарының типтерін таңдау;
- жеткізу маршрутының тиімділігін анықтау.

Әрбір жасалған таңдаудың дұрыстығы көліктің әр түрінде тасымалдаумен байланысты барлық шығындарды талдауға негізделген техника-экономикалық есептеулермен бекітілуі керек.

Мысалы, 5 т. қымбат бағалы жүкті автомобильмен жеткізу 1000 долл., ал самолетпен – 3000 долл. құрады. Таңдау автомобильге түсті. Бірақ толық құнды анықтауда жүргізілген талдау көрсеткендей, автомобильдегі тасымалдау тарифінің нәтижесінде төлеу керек болды:

- экспедиторға: жүктің құнының 5 % экспедициялау мен қорғауға, яғни 2000 долл.

- банкирге: несиеге процент ретінде жүктің құнынан 1,5 %, себебі тасымалдау 15 күнде жүргізілді, оның ішінде 750 долл. құрайтын 50 000 долл. артықтарға жіберілген.

- жіберуде қосылған шығындар 3750 долл. құрады.

Тарифтерді салыстыруда шыққан қорытынды автомобильді таңдаудан ұшақты таңдау тиімді екендігін көрсетті.

ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !!!